Нархоз Университетінің экономикалық
колледжі

# Кәсіпкерлік тәуекелділікті талдау

Сағындық Абдурахман

Алматы, 2021

Қаржылық есеп берудің мақсаты – ақпаратты пайдаланушыларды заңды тұлғаның қаржылық жағдайы, оның қызмет нәтижесі мен есепті кезең аралығында қаржылық жағдайында болған өзгерістер туралы пайдалы, мәнді, әрі шынайы ақпаратпен қамтамасыз ету.

Қаржылық есеп ақпаратты пайдаланушыларды инвестициялық және несие беру шешімдерін қабылдауға қажетті ақпаратпен қамтамасыз еткенімен, экономикалық шешімдер қабылдау үшін қажетті барлық ақпаратпен қамтамасыз ете алмайды. Себебі коммерциялық құпиялылықты сақтау туралы заң сыртқы пайдаланушылар алуы тиіс қаржылық ақпарат көлемін шектейді. Осыған орай ақпаратты пайдаланушылар қаржылық есепті негізгі ақпарат көзі ретінде қабылдауы тиіс.

Бухгалтерлік баланс кәсіпорынның қаржылық жағдайын жыл басы мен жыл соңыны бейнелейді. Ол субъектінің мүліктік жағдайын көрсетеді, оның мәліметтерін ішкі және сыртқы ақпаратты пайдаланушылар қолданады.



Сақтандыру құрылған ақша қорының тағайындалуымен, оның ресурстарының алдын-ала келісілген жағдайларда шығындарды жабуға ғана жұмсалуымен сипатталады; қарым-қатынастың ықтималдық сипаты; қаражатты өтеу. Сақтандыру тәуекелдерді басқару әдісі ретінде іс-әрекеттің екі түрін білдіреді:

1) тәуекелдің бір түріне ұшыраған кәсіпкерлер тобы арасында шығындарды қайта бөлу (өзін-өзі сақтандыру);

2) сақтандыру компаниясынан көмек сұрау.

- мақсаттарды анықтау,
- тәуекелді анықтау,
- тәуекелді бағалау,
- тәуекелдерді басқару әдістерін таңдау,
- таңдалған әдісті қолдану,
- нәтижелерді бағалау.

Тәуекелді талдаудың схемасы:

Нақты тәуекел түрлерінің ішкі және сыртқы факторларының ықпалдарын айқындау.

Айқындалған факторларды талдау.

Нақты тәуекел түрін қаржы жағынан екі тәсілмен бағалау:

а) қаржылық тұрақтылығын, дәулетін анықтау;

б) жұмсалатын қаражаттың экономикалық тиімділігін анықтау.

Тәуекелдің жорамал деңгейін анықтау.

Бөлек операцияларының тәуекелдерінің жорамал деңгейін талдау.

Тәуекелді бәсендету үшін шаралар жасақтау.

# НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!

NARXOZ COLLEGE